Топтастырылған өндіру көлемі Қазгермұнай және SCEL компанияларының өндіруіндегі 2 534 мың тонна (тәулігіне 51 мың баррель) мұнай мөлшеріндегі үлесті қосқанда, 11 497 мың тонна (тәулігіне 232 мың баррель) мұнайды құрады.

Компания Қазгермұнай және SCEL компанияларының мұнайын есепке алмағанда, 8 966<sup>2</sup> мың тонна (тәулігіне 181 мың баррель) мұнай жеткізді, оның ішінде 6 946 мың тоннасы

<sup>1</sup> Сома АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, пайдалар мен шығындар туралы жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша және жиынтық баланстар үшін кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды

<sup>2</sup> өзіндік қажетке жұмсалған 61 мың тонна мұнай өндімдерінің мұнай баламаларын қосқанда

(тәулігіне 140 мың баррель) экспортқа (экспорттық жеткізілімдердің 77 %) шығарылды. Компания ішкі нарыққа 1 720 мың тонна (тәулігіне 35 мың баррель) мұнай және АМӨЗ-ге ішінара сату және өзіндік қажетке жарату үшін 300 мың тонна (тәулігіне 6 мың баррель) мұнайды қайта өңдеуге жіберді.

2009 жылы Қазгермұнай және CCEL компанияларының мұнай жеткізу көлемдеріндегі ҚМГ БӨ-нің үлесі экспортқа шығарылған 2 054 мың тонна (тәулігіне 41 мың баррель) мұнайды қосқанда, 2 452 мың тонна (тәулігіне 49 мың баррель) мұнайды құрады, бұл сату көлемінің 84 %-ын құрайды.

### **Қаржылық көрсеткіштер**

Салық төлеуден кейінгі пайда (**таза пайда**) 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 241,3 млрд. теңгемен (2 006 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2009 жылы 209,7 млрд. теңге (1 422 млн. АҚШ доллары) құрады (13 %-ға төмен). Таза пайда 2009 жылы мұнай бағасының айтарлықтай арзандауына байланысты төмендеді, бұл 2009 жылдың ақпанында болған теңгенің құнсыздану нәтижесінде 89,5 млрд. теңге (607 млн. АҚШ доллар) (салықты есептегенге дейін) мөлшеріндегі бағамдық айырмашылықтан түскен кіріспен ішінара өтелді. Салықты шегергендегі бағамдық айырмашылықтан түскен кірісті есептегенде, таза пайда 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 40%-ға төмендеді.

2009 жылдағы **түсім** 2008 жылмен салыстырғанда 20 %-ға азайды және 2008 жылдағы 605,0 млрд. теңгемен (5 029 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 485,5 млрд. теңге (3 291 млн. АҚШ доллары) құрады. Аталған азаю орташа мұнай сату бағасының 18 %-ға – тоннасына 64 879 теңгеден (барреліне 74,60 АҚШ долларынан) 53 082 теңгеге (барреліне 49,78 АҚШ доллары) дейін құлдыруына және мұнай жеткізу көлемінің 1 %-ға төмендеуіне байланысты болды. Компанияның долларлық баламадағы түсімі 2008 жылмен салыстырғанда шамамен 35 %-ға азайды.

ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 2,4 млрд. теңге (16 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі шығынды таныды. Аталған сома 10,6 млрд. теңге (72 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігі мен 4,3 млрд. теңге (29 млн. АҚШ доллары) сомасына бөлінген табыс салығы амортизациясы сомасын және 4,4 млрд. теңге (30 млн. АҚШ доллары) сомасындағы пайдаға бөлінген салық бойынша активтерді қайта бағалауды алып тастағанда, «Қазгермұнайдың» 33,8 млрд. теңге (229 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза пайдасындағы Компанияның 50 % үлесін білдіреді. Негізінен «Қазгермұнай» БК ЖШС-нің 2009 жылдағы қаржылық нәтижелеріне 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мұнай бағасының арзандауы, 2009 жылдың басында Салық кодексінің енгізілуі, газды жағу нормаларын асырғаны үшін экологиялық айыппұлға байланысты 16,4 млрд. теңге (111,6 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі провизия есептеу, сондай-ақ 2009 жылдан бастап түсім алу мерзімін 45-60 күнге кейінге шегерген түсімді есептеу әдістерінің өзгеруі әсер етті.

2009 жылы ҚМГ БӨ Қазгермұнайдан дивиденд ретінде 25 млн. АҚШ долларын алды. Сатып алғаннан бері аталған сома 650 млн. АҚШ долларын құрады.

Компания 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзінің балансында 21,4 млрд. теңгені (144 млн. АҚШ долларын) бірлесіп бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2009 жылы ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 3,2 млрд. теңге (22 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

2009 жылдағы **операциялық шығындар** 2008 жылдағы 297,2 млрд. теңгемен (2 470 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 2009 жылы 330,6 млрд. теңге (2 241 млн. АҚШ долларын) құрады (11% өсім). Бұл өсудің негізгі себебі 2009 жылдың 1-қантарынан роялтидің орнына ренталық салық пен пайдалы қазбаларды өндіру салығының енгізілуі, сондай-ақ айыппұлдардың есептелуі мен қызметкерлерге төлемнің артуы болды. Салықтар мен айыппұлдарды есептегенде, 2009 жылы операциялық шығындар 2008 жылмен салыстырғанда теңге түрінде 4 %-ға артты.

Бұл негізінен еңбек ақы төлеу шығындарының, мұнай балансының өзгеруінен, бірлескен кәсіпорындардың инвестициясының құнсыздану, электр қуаты шығындарының және негізгі құралдарды шығару шығындарының артуынан болды және шикізат пен материалдар, қызмет көрсету және жөндеу шығындарының азаюымен және амортизациялық аударымдардың төмендеуімен ішінара өтелді. Өндірілген мұнайдың барреліне шаққанда доллар түрінде операциялық шығындар салықтар мен айыппұлдарды есептегенде, 2008 жылмен салыстырғанда 15 %-ға кеміді.

**Операциялық қызметтен ақша ағымы** 2009 жылы 149,2 млрд. теңге (1 011 млн. АҚШ доллары) құрап, 2008 жылмен салыстырғанда 9 %-ға азайды, бұл негізінен, орташа мұнай сату бағасының арзандауына және роялтиді алмастырған пайдалы қазбаларды өндіру салығының енгізілуіне байланысты болды.

**Күрделі салымдар** (ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке сәйкес, материалдық емес активтерді сатып алу шығындарын есептегенде) 2009 жылы 43,3 млрд. теңгені (294 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2008 жылдағы 41,9 млрд. теңгеге (348 млн. АҚШ доллары) қарағанда 3 %-ға артық. Доллар түріндегі күрделі салымдар 2008 жылмен салыстырғанда 16 %-ға төмендеді.

**ПКИ-ды сатып алудың әсері.** 2009 жылдың 22-желтоқсанында Компания ҚМГ ҰК-дан ҚМГ ПКИ Финанстың 100 % жай акцияларын сатып алды. ҚМГ ПКИ Финанс бизнестің бірігуін білдірмейді, тиісінше, Компания бұл мәмілені активтерді сатып алу және міндеттемелер ретінде қарады. ҚМГ ПКИ Финанстың ПКИ-ға құйған инвестициялары Компанияның топтастырылған қаржылық есебінде қауымдасқан компанияларға инвестиция ретінде танылады.

ПКИ-ды сатып алу негізінен балансқа етті, атап айтқанда қауымдасқан компанияларға инвестиция 131,0 млрд. теңгеге (883 млн. АҚШ доллары) және займдар 129,0 млрд. теңгеге (896 млн. АҚШ доллары) артты. Пайдалар мен шығындар туралы есепке материалдық әсер еткен жоқ. Аталған сатып алудың Компания шоттарына әсерін егжей-тегжейлі сараптау үшін топтастырылған қаржылық есепті ескертпелерімен қараңыз.

**Займдар мен міндеттемелердің сомасы** 117,2 млрд. теңгеге (759 млн. АҚШ доллары) артып, 2008 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша 20,4 млрд. теңгеден (169 млн. АҚШ доллары) 2009 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша 137,7 млрд. теңгеге (928 млн. АҚШ доллары) дейін ұлғайды. Бұл арту негізінен Компанияның «ПетроҚазақстан Инк.» компаниясындағы 33 % үлесті сатып алуға қатысты міндеттемелерді алудың есебінен болды.

**Таза қаржы құралдарының, олардың баламаларының және қаржы активтерінің мөлшері**<sup>3</sup> 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 534,5 млрд. теңгемен (4,4 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2009 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша 505,0 млрд. теңгені (3,4 млрд. АҚШ долларын) құрады.

2009 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы активтері мен депозиттердің 74%-ы АҚШ долларында, ал 26 %-ы теңгеде қайта номинацияланды. Екі ірі банк – Халық банкі мен Казкоммерцбанктегі депозиттер мен қаржы құралдарының мөлшері 2009 жылдың 31-желтоқсанындағы депозиттердің жалпы сомасының шамамен 75 %-ын құрады. Есепті кезеңде есептелген пайыздық кірістің сомасы 42,9 млрд. теңге (291 млн. АҚШ доллары) құрады.

2009 жылы төленген **дивидендтер** 2008 жылы төленген 39,5 млрд. теңгемен (328 млн. АҚШ долларын) салыстырғанда, 46,1 млрд. теңгені (313 млн. АҚШ долларын) құрады.

**Айыппұлдар мен өсімпұлдар.** 2004-2005 жылдар кезеңіндегі салықтық тексерулердің қорытындысы бойынша салық комитеті 16,2 млрд. теңге (107 млн. АҚШ доллары) сомасындағы салықтарды қосқанда, 32 млрд. теңге (213 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде қосымша төлемдер сомасын анықтады және қалған соманы айыппұлдар мен өсімпұлдар құрайды. Компания басшылығы салық заңнамасын интерпретациялау жөніндегі ұстанымын әділ және қолданыстағы заңнамаға сәйкес дауласуға толықтай дәлелдері бар деп есептейді. Соған қарамастан, бұл мәселе бойынша шешім әзірге белгісіз болғандықтан, Компания есептелген сомалардың бірқатарын мойындады. Компания 2009 жылдың 31-желтоқсанынан дейін пайызбен ұқсас тәуекелдерге байланысты қосымша соманы есептегендіктен, 2009 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелген провизия 2009 жылдың 4-тоқсаны ішінде артып (2009 жылдың 30-қыркүйегіндегі жағдай бойынша есептелген провизия 9,1 млрд. теңгені (61 млн. АҚШ доллары) құрады), 11,4 млрд. теңгені (77 млн. АҚШ доллары) құрады.

**Хеджирлеу.** 2009 жылдың қазанында Компания 2009 жылға арналған хеджирлеу бағдарламасын аяқтады. 2009 жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша келісімнің агрегатталған көлемі айына 3,3 млн. баррелді құрайды, бұл 2009 жылдағы жоспарланған ай сайынғы экспорт көлемінің 78 %-ын құрайды. Соның нәтижесінде Brent бағасы хеджирлеу бойынша келісімшарттың жоғары шегінен асқандықтан, Компания мұнайды хеджирлеу операцияларынан 0,2 млрд. теңге (1,7 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде жүзеге аспаған шығынды таныды. 2009 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания мұнай экспортын хеджирлеу туралы қандай да бір келісім жасамады. Компания 2010 жылы хеджирлеу бағдарламасын жалғастыруда жоспарлап отырған жоқ.

## **2010 жылға болжам.**

ҚМГ БӨ 2010 жылдағы Өзенмұнайгаз және Ембімұнайгаздағы **өндіру жоспары** 9 200 мың тонна (тәулігіне 186 мың баррель) мөлшерінде жоспарланып отыр. 2010 жылы Қазгермұнай және CCEL компанияларындағы 50 %-дық, сондай-ақ ПетроҚазақстандағы 33 %-дық өндіру үлесін қосқанда, топтастырылған өндіру көлемін 13,6 млн. тоннаға дейін арттыру жоспарланып отыр.

2010 жылы ҚМГ БӨ негізгі кенорындарынан **ішкі нарыққа жоспарлы жеткізу** 2,2 млн. тонна деңгейінде сақталады.

---

<sup>3</sup> Займдарды алып тастағанда ақша қаражаттары, олардың баламалары мен басқа да қаржылық активтер

Компания 2010 жылға арналған бюджетті мұнай бағасының консервативті сценарциіне сүйене отырып, мұнай барреліне 50 АҚШ доллары бағасы деңгейінде қалыптастыруда, бұл ҚР Үкіметінің макроэкономикалық болжамына және ҚазМұнайГаз Ұлттық компаниясының бюджеттеу үшін қолданылып жүрген болжамды мұнай бағасына сәйкес келеді.

2010 жылы Компания күрделі салымдар шығындарын 95 млрд. теңге (633 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде жоспарлап отыр. Бұл мұнай өндіру деңгейін тұрақтандыру үшін ұңғымаларды бұрғылау бағдарламасының ұлғаюына, ілеспе мұнайгазын кәдеге жарату бағдарламасының жүзеге асуына және барлау бұрғылау шығындарының артуына байланысты болмақ.

\*\*\*

2009 жылдың топтастырылған қаржылық есебі, оның ескертпелері, сондай-ақ қаржылық жағдайға талдау мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның Интернет-сайтында ([www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz)) жарияланатын болады.

## ҚОСЫМША

### 2009 жылдағы ҚМГ БӨ негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері<sup>4</sup>

#### Жиынтық кірістер туралы топтастырылған есеп

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2009	2008
Кірістер	485.493.479	604.993.422
Операциялық шығыстар	(330.605.629)	(297.167.473)
<b>Операциялық пайда</b>	<b>154.887.850</b>	<b>307.825.949</b>
Қаржылық кіріс	46.758.905	45.374.578
Қаржыландыру шығындары	(3.241.289)	(3.146.631)
Бағамдық айырмашылықтан түскен кіріс	89.534.814	696.455
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(2.467.551)	57.623.884
<b>Салық салғанға дейін пайда</b>	<b>285.472.729</b>	<b>408.374.235</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	(75.745.829)	(167.091.866)
<b>Жылдағы пайда</b>	<b>209.726.900</b>	<b>241.282.369</b>
Шетелдік операцияларды қайта есептегендегі бағамдық айырмашылық	13.013.592	579.153
Сатуға арналған қолда бар қаржылық инвестициялардан есепті кезеңнің пайдасына қайта сыныпталған жүзеге асқан шығын	–	435.886
<b>Салықты шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер</b>	<b>13.013.592</b>	<b>1.015.039</b>
<b>Салықты шегергендегі кезеңдегі жиынтық кірістер жиыны</b>	<b>222.740.492</b>	<b>242.297.408</b>
<b>БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА</b>		
Базалық	2,87	3,26
Молайтылған	2,78	3,26

<sup>4</sup> Қосымшаға енгізілген қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде жекелеген сандар дөңгелектендірілді. Соның нәтижесінде кейбір кестелердің «жиыны» деген бағанындағы сандар олардың алдындағы сандарды қосудың нәтижесімен сәйкес келмеуі мүмкін

## Қаржылық жағдай туралы топтастырылған есеп

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда	
	2009	2008
<b>АКТИВТЕР</b>		
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>		
Негізгі құралдар	257.739.303	248.920.924
Басқа да қаржылық активтер	797.931	5.108.021
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	20.268.928	18.862.017
Материалдық емес активтер	2.276.745	2.831.782
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	254.147.918	121.910.766
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	10.265.537	1.428.948
Басқа активтер	7.291.870	3.519.908
<b>Ұзақ мерзімді активтер жиыны</b>	<b>552.788.232</b>	<b>402.582.366</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>		
Тауар-материалдық қорлар	15.525.704	14.405.863
Салықтар мен ҚҚС өтеуге алдын-ала төлем	9.969.965	8.352.503
Алдағы кезеңдердің шығындары	21.595.622	6.562.709
Сауда және басқа да дебиторлық қарыз	49.710.916	37.819.473
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	1.082.100	–
Басқа да қаржылық активтер	534.288.078	264.677.096
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	107.626.368	285.131.743
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>	<b>739.798.753</b>	<b>616.949.387</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1.292.586.985</b>	<b>1.019.531.753</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғылық капитал	238.546.914	259.724.847
Басқа резервтер	1.474.089	1.385.036
Бөлінбеген пайда	747.820.751	586.058.950
Басқа капитал құрамы	12.937.395	(76.197)
<b>Капитал жиыны</b>	<b>1.000.779.149</b>	<b>847.092.636</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕ</b>		
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		
Займдар	92.023.143	5.532.332
Резервтер	35.319.443	38.716.666
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>	<b>127.342.586</b>	<b>44.248.998</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>		
Займдар	45.650.017	14.905.744
Төленетін табыс салығы	21.138.596	55.806.901
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық	36.177.299	–
Сауда және басқа кредиторлық қарыз	34.402.259	32.380.235
Резервтер	27.097.079	25.097.239
<b>Ағымдағы міндеттемелер жиыны</b>	<b>164.465.250</b>	<b>128.190.119</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>291.807.836</b>	<b>172.439.117</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>	<b>1.292.586.985</b>	<b>1.019.531.753</b>

## Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы топтастырылған есеп

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2009	2008
<b>Операциялық қызметтен ақша ағындары</b>		
Салық салғанға дейінгі пайда	285.472.729	408.374.235
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзету		
Тозу, ескіру және амортизация	31.155.360	34.368.825
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлес	2.467.551	(57.623.884)
Экспорт алдында қаржыландыру туралы келісімдердің шарттары бойынша шикі мұнай жеткізу	(10.830.585)	(17.862.800)
Негізгі құралдарды шығарудан шығындар	2.547.437	852.909
Негізгі құралдардың құнсыздануы(құнсыздануын сторнирлеу)	(590.558)	183.086
Опциондық бағдарламалар бойынша шығындарды тану	248.106	354.612
Үлестік құралдарды алу	(164.690)	–
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың инвестицияларының құнсыздануы	3.043.907	2.396.198
Күмәнді қарыздар бойынша резервтер есептеу (сторнирлеу)	(1.057.105)	1.057.105
Бағамдық айырмашылықтан түскен жүзеге аспаған кіріс	(7.993.206)	(464.941)
Басқа да ақшалай емес шығындар	686.909	5.840.391
Плюс қаржыландыру шығындары	3.241.289	3.146.631
Минус инвестициялық қызметке жататын қаржылық кіріс	(46.758.905)	(45.374.578)
Айналымдағы капиталды түзету		
Өзге активтердегі өзгеріс	(4.352.007)	(10.008)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс	(1.282.335)	(2.607.882)
Өтелетін салықтар мен ҚҚС бойынша алдын-ала төлемдегі өзгеріс	(2.818.233)	(2.587.032)
Алдағы кезеңдердің шығындарындағы өзгеріс	(13.762.247)	(1.815.510)
Сауда және өзге де дебиторлық қарыздағы өзгеріс	(9.697.855)	11.241.450
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгеріс	36.177.299	–
Сауда және өзге де кредиторлық қарыздардағы өзгеріс	(6.558.436)	1.241.412
Резервтегі өзгеріс	5.670.976	(3.578.130)
Төленген табыс салығы	(115.686.180)	(173.277.182)
<b>Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза ағындары</b>	<b>149.159.221</b>	<b>163.854.907</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағындары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(43.326.083)	(41.891.804)
Негізгі құралдарды сатудан түсім	1.221.183	545.183
Материалдық емес активтерді сатып алу	(15.764)	(227.771)
Бірлескен кәсіпорындардың капиталына жарна	(3.043.907)	(1.816.093)
Алынған құралдарды алып тастағанда еншілес ұйымды сатып алу	459.646	–
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	3.768.250	39.164.528
Қарды активтерін сатып алу (сату), нетто	(253.356.352)	91.555.956
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржы активтерін сату	10.517.548	–
Сату үшін қолда бар қаржы активтерін сату, нетто	–	6.449.113
Байланысқан тараптардан алынған займдарды өтеу	5.028.216	2.036.327
Алынған сыйақылар	26.046.200	44.724.319
<b>Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағындары</b>	<b>(252.701.063)</b>	<b>140.539.758</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағындары</b>		
Опциондық бағдарламалар бойынша шығындар	–	299.279
Өзіндік акцияларды сатып алу	(21.392.129)	(521.318)
Займдардан түсім	–	30.000
Займдарды өтеу	(6.352.778)	(311.960)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(46.108.343)	(39.504.759)
Төленген сыйақылар	(109.083)	(968.822)
<b>Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағындары</b>	<b>(73.962.333)</b>	<b>(40.977.580)</b>
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	(177.504.175)	263.417.085
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	285.131.743	21.658.451
ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша жағымсыз бағамдық айырмашылық	(1.200)	56.207
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>107.626.368</b>	<b>285.131.743</b>

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған 2009 және 2008 жылдардағы көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

	2009			
	ӨАС	КҚК	Ішкі	Жиыны
		(АҚШ доллары/барр)		
Жарияланатын нарықтық баға <sup>5</sup>	60.71	61.02	-	-
Сату бағасы	59.26	58.32	17.65	50.06
Сапа банкі	-	(5.68)	-	(1.28)
Баррель коэффициенті бойынша сыйақы	0.09	4.93	-	0.99
<b>Сату бағасы<sup>6</sup></b>	<b>59.35</b>	<b>57.56</b>	<b>17.65</b>	<b>49.78</b>
Ренталық салық	7.94	7.29	-	6.05
Көліктік шығындар	7.32	7.15	1.30	5.96
Сатулар бойынша комиссия	0.06	0.06	-	0.05
<b>Нетбэк</b>	<b>44.03</b>	<b>43.07</b>	<b>16.35</b>	<b>37.71</b>

	2008			
	ӨАС	КҚК	Ішкі	Жиыны
		(АҚШ доллары/барр)		
Жарияланатын нарықтық баға <sup>4</sup>	94.08	98.44	-	-
Сату бағасы	90.07	92.53	20.50	75.10
Сапа банкі	-	(8.47)	-	(1.97)
Баррель коэффициенті бойынша сыйақы	0.02	7.71	-	1.46
<b>Сату бағасы<sup>5</sup></b>	<b>90.09</b>	<b>91.77</b>	<b>20.50</b>	<b>74.60</b>
Кедендік баж салығы	11.29	11.29	-	8.71
Көліктік шығындар	7.38	7.79	0.94	6.00
Сатулар бойынша комиссия	0.07	0.07	-	0.05
<b>Нетбэк</b>	<b>71.35</b>	<b>72.62</b>	<b>19.56</b>	<b>59.83</b>

Анықтамалық ақпарат	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2009	2008
Орташа бағам US\$/ KZT	147.50	120.29
Балансты құру мерзіміндегі US\$/KZT бағамы	148.36	120.77
ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7.36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7.70
ССЕЛ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6.68

<sup>5</sup> Нарықтық баға ретінде келесі котировкалар қолданылды: 2008 жылдың 4 тоқсаны мен 12 айы ӨАС құбыр желісі бойынша Urals (FOB Одесса) және КҚК құбыр желісі бойынша Смесь КТК (FOB Новороссийск); 2009 жылдың 1 жартыжылдығы үшін ӨАС құбыр желісі бойынша Urals NOVO 80KT және КҚК құбыр желісі бойынша CPC FOB 80kt; 2 жартыжылдық үшін - Brent (DTD).

<sup>6</sup> Қаржылық есептілік үшін баға бір тонна үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды

## АНЫҚТАМА:

**ҚМГ БӨ** мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2009 жылы 11,5 млн. тоннаны (тәулігіне 232 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2008 жылдың соңындағы жағдай бойынша 241 млн. тоннаны (1,8 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,1 млрд. баррельден астамды құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2009 жылдың шілдесінде халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ-нің несиелік рейтингін «BB+» деңгейінде растады, ал 2009 жылдың желтоқсанында «ГАММА-6» корпоративтік басқару рейтингін берді.

### Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 7600)

Дәулет Жұмаділ

e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)

Әсел Қалиева

e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

Pelham PR (+44207 337 15 17)

Елена Добсон

e-mail: [EDobson@pelhambellpottinger.co.uk](mailto:EDobson@pelhambellpottinger.co.uk)

### Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.